

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты Аязбаева Сәуле Аязбайқызының «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің берген

ПІКІРІ

07.06.2025

Қазақ тілінің дыбыс құрамын зерттеуге арналған еңбектердің басы баршылық. Зерттелім тарихы ғасырдан асып барады, арнайы фонетикалық монографиялар мен оқулықтар, жазба мұрағаттардың фонетикалық талданымы, диссертациялар мен сөздіктер, мақалалар мен баяндамалар түрінде көптеп жарық көріп отыр. Дегенмен әр дәуірдің өзіне лайық теориялық жетістіктері мен практикалық талаптарына сай, қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесін мезгіл-мезгіл тиянақтап отыру, сөз жоқ, қажет. Көпшілік ғылыми қауымға ұсынылып отырған осы еңбек те сондай қажеттіліктен туындап отыр.

Қазақ (түркі) тілтанымы ғылыми реформаны күтіп тұр, сол реформа фонетикадан басталу керек. Әлем тілдерінің құрамындағы қазақ (түркі) тілінің өзіндік орнын тауып беру сол реформаның басы болып табылады. Сондықтан да әлем тілдерінің туыстық жіктелім белгілерін қайта қарап шығу негізгі мақсаттың бірі болды. Соның нәтижесінде қазақ (түркі) тілінің өзіндік заңдылықтарының басы ашылып, соған лайық зерттелім ғылыми аппараты қалыптастырылды. Сөйтіп қазақ (түркі) тілтанымына негіз болып келген үстем тілдер теориясынан арылу арқасында тілдің ақиқат дыбыс құрамы мен жүйесін төл теория тұрғысынан анықтаудың мүмкіндігі туды.

«Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмыстың мақсаты – қазақ тілі жұрнақтарының үндесім/үйлесім түрленім құрамын анықтап, олардың көрнекі интерактив сызбасын дайындау. Осы мақсатқа сәйкес зерттеу барысында сингармологиялық атау/терминдерге түсініктеме беріледі. Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдар мен қорытындылардың жүйелігі мен ғылыми-әдістемелік негізінің жоғары нәтижесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады. Зерттеу жұмысында қазақ тілінің үндесім/үйлесім дыбыс құрамы анықталып, олардың артикуляциялық ерекшелігіне анықтама беріледі. Докторант өзіне дейінгі фонетист ғалымдардың тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, қазақ тілі жұрнақ сегменттерінің үндесім-үйлесім құрамын толықтырады. Қазақ тілі жұрнақ сегменттерінің үндесім және үйлесім моделін құрастырады.

Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары диссертациядағы негізгі міндеттер негізінде жасалған. Диссертацияның нәтижелері мен тұжырымдары тілдік деректермен, ғылыми тұжырымдармен дәлелденген, нақты нәтижелерге қол жеткізілген. Зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдардың



барлығы тіл білімінде орныққан теорияларға сүйенуі, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан айтылған пікірлерге сараптама жасалуы көтерілген мәселелердің өзекті екенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы талапқа сай жазылған. Ғылыми стилі нақты әрі жүйелі. Тараушалар арасында өзара байланыс бар және логикалық жүйе сақталған. Жұмыстың мазмұны мен өзектілігін, орындау барысындағы жетістіктерін жоғары деп бағалауға болады. Жұмыста әдістемелік тұжырымдар нақты тәжірибелер арқылы талданып, ғалымдардың ғылыми қағидалары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған. С.А. Аязбаеваның «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері» атты тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысын диссертациялық кеңеске, көпшілік алдында қорғауға ұсынуға, ал оның авторы С. Аязбаеваға «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге болады деп есептеймін.



Суер Екер
Шетелдік ғылыми жетекші
PhD, Түркия. Анкара.
Башкент университетінің профессоры

